

Л.Т. Құрманбаева¹

¹М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,
klt2302@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ

Аннотация. В статье рассматриваются основные проблемы социально-психологической безопасности, основные концепции безопасности.

Аңдатпа. Мақалада әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздіктің негізгі проблемалары, қауіпсіздіктің негізгі тұжырымдамалары қарастырылады.

Abstract. The article examine the main problems of socio-psychological security, the basic concepts of security.

Ключевые слова: безопасность, социально-психологическая безопасность, концепция, субъект

Түйінді сөздер: қауіпсіздік, әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздік, концепция, субъект

Keywords: security and social security, .

Психологиялық қауіпсіздік мәселесі, адамның психологиялық қауіпсіздігінің шарттарын сипаттауға, оның моделі мен қауіпсіз тұлға моделін жасау, қауіпсіздіктің факторлары мен детерминанттарын анықтауға түрлі жайғасымдардан әрекет жасалатын зерттеудің өте үлкен санының орталығына айналатыны шүбәсіз. Алайда, психологиялық қауіпсіздікті қарау үшін ұсынылатын негіздердің көптігі, мәселенің «өзекті» түсінігінен бұрып әкетіп, оның түрлі модельдерінің, шарттарының, ықтимал факторларының каталогын тек «кеңейтеді». Бірқатар себептік: экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығы; түрлі генездегі стресс қоздырушы және психогенді ықпалдардың болуы; техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың көбеюі; әлеуметтік қолайсыздық деңгейінің өсуі, қоғамды дәріптеу (түрлі экономикалық мәртебеге ие әлеуметтік таптарды бөлектеу), қылмыс деңгейінің өсуі (лаңкестік, алаяқтық, жеке тұлғаға қарсы қылмыстар), тұлға аралық қатынастардың жиілігі мен тиімділігінің төмендеуі.

Бәлкім, осы мәселенің шешілуі психологиялық қауіпсіздік пен басқа да базалық психологиялық санаттардың арасын белгілеу жағдайында жүзеге асырылуы мүмкін. Қауіпсіздікті зерттеу кезінде «адами факторға»: субъектіге жүгіну қажет болып көрінеді. Субъектінің түсінігіне сүйене отырып және түрлі зерттеулерді талдай отырып, қауіпсіздікті зерттеудегі «бастапқы», «базалық» түсінік – қатынастар санаты бола алады деп болжауға болады. А. В. Брушлинский атап өткендей, «субъект ретіндегі адам түрлі ықпалдарды... өзінде сезе отырып, ақпаратты жай ғана «тұтынбайды». Ол оны өзі «өндіреді»... себебі өз қызметінің, қатынасының барысында, ол өз тағдырын өзі белгілейді, белгілі бір өмірлік жайғасымға жайғасады, сондықтан өз өмірі барысында өзіне ықпал ететін әр нәрсеге өте талғамалы түрде қарайды...» (Брушлинский, 1996, 41-42 бет).

Осылайша, «қатынас» түсінігі бір жағынан қауіпсіздікті психологиялық санат деп қарастыруға, екінші жағынан оның әлеуметтік-психологиялық бағыттылығын анықтауға мүмкіндік беретіні түсініледі.

Қауіпсіздікті түсіну және анықтау үшін, оны субъектінің әлемге, өзіне және Басқаларға қатынасу жүйесі ретінде қарау керек. Осылайша, С. Л. Рубинштейннің (1969) өзі субъектінің қызметін сипаттай отырып, оқиғалардың жүрісі емес, ең алдымен адамның болып жатқан нәрсеге қатынасы елеулі екенін атап өтті. Ол, қарым-қатынас - адамның тіршілік етуінің шарты екенін және адам мен болмыс, адам мен басқа адам деген өзара

байланысты екі қатынастың шынында да әрқашан болатынын айтқан. Қатынастардың (адам мен әлемнің өзара қатынастарының) барлық түрлері субъектінің мәнін білдіреді. Осының барлығы, жеке басы қасиеттерінің жиынтығымен ұсынылған және адамның объективті шынайылықпен өзара байланыс жасауда білінетін қарым-қатынас — бір жағынан, адамның тіршілігінің белгілі бір деңгейін (соның ішінде оның белсенділігін, әлеуметтік белсенділігін) қамтамасыз ететін және екінші жағынан, субъектінің ішкі сезімдерін, күйлерін, қасиеттерін (жалпы алғанда, өмірмен қанағаттануын) айқындайтын шарттар және адамның психологиялық қауіпсіздігінің негізі болып саналады.

Адамның қатынастары алуан түрлі және көп өлшемді болып табылады, алайда нақ Басқаларға қатысты және Басқалармен байланысты қатынастары көбінесе субъектінің қорғалу, сақтану, тұтастық сезімін сезу үшін айқындаушы болып саналады. С. Л. Рубинштейн атап өткендей: «Мен өзге адамсыз өмір сүрмеймін; біз өзге адам екеуіміз бір-бірімізге тиесіліміз... Мен, адамдарға барлық қатынастарымда, барлық адамдарға қатынасымда – жалпы адамзатқа және барлық адамдардың бірлігіне қарап, өз тағдырымды өзім белгілеймін» (Рубинштейн, электрондық ресурс).

Әрбір субъект көптеген өзге субъектімен байланысты болатын жағдайда қатынастар жүйесі туындайды. Жүйенің бұзылуы (мысалы, қатынастарды ұзу арқылы, ең болмаса бір элементінің «түсіп қалуы») оның тұрақтылығының төмендеуіне, оның барлық элементтерінің тепе-теңдігінің, оның ішіндегі кернеуінің бұзылуына алып келеді. Осылайша, ең болмаса бір элементке (жекелеген субъектіге) қауіп-қатердің төнуі қалған барлық элементтерге қауіптің төнуіне алып келеді. Бұл факт, әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздік туралы адамдардың бір-бірімен қатынасуы және өзара әрекеттесуі барысында туындайтын құбылыс ретінде айту керектігін белгілейді.

Әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздікті қарастыра отырып, қауіпсіздіктің қандай психологиялық санатқа кіретіні туралы мәселені ойластырған маңызды: оны үдеріс, күй немесе қасиет ретінде қарастыру керек пе. Түсініктердің әрбірінің мазмұнына жүгінетін болсақ, олар серпінділік, өзгергіштік тәртібінде ұсынылған. Сәйкесінше, күй дегеніміз - бір жағынан өзгерістердің серпінділігін, екінші жағынан жүйенің тұтастығын және салыстырмалы тұрақтылығын ескеретін объектінің сипаттамасы болып табылады. Адамның күйлерінің өзі, жалға алғанда, оның қатынастарымен, көкейтесті тұлға аралық және әлеуметтік мәртебемен, белсенділік мақсаттарымен және орта мен жағдайға бейімделуімен шартталған (Куликов, 2000, 12-бет). Күйлерде адамның қоршаған ортамен, әлеуметтік кеңістікпен өзара әрекеті бейнеленеді. Осы ортаның өзгерісі (тіпті ең аздаған) адамда тұтастыққа қатысты белгілі бір өзгерістерді тудырады, жаңа күйге өтуге алып келеді (Куликов, 2000). Зерттелетін феноменнің осындай түсінігі, ӘПК күйін, сәйкесінше жалпы алғанда қатынастардың белгіленген жүйесімен және атап айтқанда тұлға аралық қатынастармен шартталған ерекше күй ретінде қарастыру мүмкіндігіне алып келеді.

ӘПК күйін ерекше күй ретінде айқындай отырып, оның туындау шарттарын, оны бағалау критерийлерін сипаттау керек.

Әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздіктің негізінде субъектінің басқа адамдармен қатынастары жатқандығына сүйенетін болсақ, бұл жағдайда, әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздіктің негізгі шарттары (ӘПК құрылымына сәйкес: эмоциялық-уәждемелік құрамдас, когнитивтік және конантивтік құрамдас) – келесі шарттар деп шынында да долбарлауға болады. Біріншісі – қатынас субъектілерінің қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға мүмкіндік беретін, оң жақтан бағаланатын өзара байланыс көрсеткіші ретінде түсінілетін тұлға аралық қатынастармен қанағаттану. Оның критерийі, жоғары дәрежелі қанағаттану/қанағаттанбау болады. Екіншісі – субъектінің басқа субъектілермен қатынасына, сондай-ақ қатынастар орнатылған субъектілерге қатысты пікірлердің, ой-пікірлердің келісілуі немесе келісім, уағдаластық, бейбіт жағдайдағы тең болмыс болып қарастырылатын қатынастардың үйлесімді сипаты. Мұндағы критерий, қатынастардың жоғары үйлесімділігі - үйлесімсіздігі болып табылады. Үшіншісі, қорғалу – бір жағынан

(объективті көрсеткіш), қатынас кезінде бұзылымдар мен қиындықтардың болмауы ретінде, екінші жағынан адамның қолайсыз ықпалдарға (балағаттауға, қоқан-лоққыға, мәжбүрлеуге, елемеуге, айла-шарғы жасауға және т.с.с.) тұрақтылығын көздейді. Қорғалудың негізгі критерийі ретінде толеранттық-толерантты еместік қабылданады.

Жоғарыда сипатталған критерийлер әрбір субъект үшін, қатынас субъектінің бүтіндігін жүргізу, қолдау және сақтау үшін қажетті құралдардың, шарттардың жиынтығы ретінде әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздіктің жеке бірегей әлеуетін құрады. Осы әлеует әлеуметтік әлемнің «сыртқы» қауіптерімен (кейде субъективті сипаттағы «ішкі» қауіптерімен де) «өзара әрекеттеседі» және осы қауіптерге қарсы тұру немесе оларға бейім болу мүмкіндігін құрады.

Осылайша, әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздік — қорғалумен (деформациялардың, бұзылымдардың және қиындықтардың, сондай-ақ қарым-қатынастағы толеранттылықтың жоқтығымен) сипатталатын, қанағаттану сезімін беретін үйлесімді өзара қарым-қатынастың болуымен шартталған сыртқы шарттардың және субъектінің ішкі әлеуетінің динамикалық тепе-теңдігінің күйі деп түсінілуі мүмкін, осының барлығы тіршілік барысында субъектінің рухани-психикалық әлеуетін іске асыруға, оның бүтіндігін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

ӘПҚ барлық критерийлерінің үйлесімі, түрлі мазмұнды бағыттылыққа бөлуге болатын ӘПҚ әлеуетінің түрлі типтері туралы талқылауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздік типтерін зерттеу мақсатымен, пилотаждық зерттеу жүргізілді. Қойылған міндетті шешу үшін үйлесімділікті, қатынаспен қанағаттануды, субъектінің қорғалуын зерттеуге бағытталған 27 сұрақты өз ішіне алатын «Субъектінің әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздігінің әлеуеті» («ӘПҚӘ») сауалнамасын әзірледік. Нәтижелер әрбір критерий (үйлесімділік, қанағаттану және қорғалу) үшін жекелеген түрде, сондай-ақ ӘПҚ әлеуетінің жалпы (жиынтықты) көрсеткіші бойынша талданды (сан және сапа жағынан).

Осындай өте аз (ӘПҚ төмен әлеуетіне ие) топта респонденттердің тек 16%-ы ғана барлық үш санат бойынша теріс мазмұнды бағыттылықпен сипатталатынын атап өткен маңызды. Жалпы алғанда іріктеме бойынша 3% (5 адам) сай келеді. Осындай нәтижені, өзінің әлеуметтік байланыстарын реттеудің, өз-өзін реттеудің мол тәжірибесіне ие адамдардың зерттеуге қатысуымен түсіндіріп көруге болады. Осылайша, сұралған адамдардың көбі өз қатынастарын «ретке келтіре алады», оларды теңдестіре алады.

Респонденттердің үшінші тобын (45%) «белгіленбеген» әлеуетке ие тобы деп сипаттауға болады, өйткені шкалалар (барлық үш шкала немесе үш шкаладан екі шкала) бойынша мазмұнды мән «бейтарап» ауқымда (үйлесімділік пен үйлесімсіздіктің, қанағаттану мен қанағаттанбаудың, қорғалу мен қорғалмаудың арасында) орналасады, осының барлығы зерттеудің нәтижелерін де, қолданылатын әдістерін де пысықтауды талап етеді.

Жоғарыда аталғанды жалпылай келе, базалық психологиялық санат ретіндегі қатынастардың өздері жалпы алғанда психологиялық қауіпсіздіктің және атап айтқанда әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздіктің жүйе түзуші факторы бола алатынын атап өтуге болады. Сәйкесінше, ӘПҚ – субъектінің өмірлік тіршілігінің сәтінде өзінің психикасының көріністерінің динамикалық құрылымы ретінде қарастырылатын күй. ӘПҚ күйіне ықпал ететін субъектінің қатынастарының барлық полюстерінің интегралдық жүйесі – келіп түсетін ақпаратты өңдеумен айналысатын түрлі тетіктер мен атқарымдардың күрделі түрде өзара әрекеттесінің нәтижесі. Бұл ақпарат сананың бақылауына толығымен беріле бермейді. Сәйкесінше, субъектінің ӘПҚ күйі көбінесе байыпсыз, көп міндетті немесе белгіленбеген сипатқа ие болуы мүмкін. Кез келген күй сияқты, ӘПҚ күйі де – адамның әлеуетінің, мүмкіншіліктерінің және мәртебесінің (қазіргі сәтте) өзінің талаптануларына, дәмелеріне, жоспарларына және үміттеріне, әлеуметтік өзара әрекеттің ерекшеліктеріне сәйкестік дәрежесіне қатысты уақыттың біршама кезеңінде адамның қоршаған кеңістікке

қатынасының бүтін сипаттамасы болып табылады. Осылайша, әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, психологиялық теріс ықпалдарға қатысты толеранттылықты қалыптастыру барысында қатынастардың көптігін, олардың көп өлшемділігін, субъектілердің әлеуметтік-психологиялық жайғасымдарының сипатын ескеру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Л. В. Куликов «Психикалық күйлерді сипаттаудың мәселесі» // «Психикалық күйлер» / Ред. Л. В. Куликова. СПб.: Питер, 2000.
- [2] Сағындықова Ж.К. «Қатынастар психологиясы». А.: 1995.
- [3] А.В. Брушлинский «Қауіпсіздік субъекті және субъект қауіпсіздігі» // «Ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік мәселелері» / Ред. А. В. Брушлинский, В. Е. Лепский. М.: РҒА ПИ басылымы, 1996. 39-43 бет.
- [4] С.Л. Рубинштейн «Герман Когеннің философиялық жүйесі туралы» [Электрондық ресурс].